

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
АСАНОВА Ұлмекен Отарқызының
60 жасқа толған мерейтойына арналған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ

АСТАНА, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ*

АСТАНА
2022

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

Жалпы редакциясын басқарған:
Құлманов Қуандық Сәндібекұлы
Филология ғылымының кандидаты, профессор

Жауапты шығарушылар:
Абдуова Б.С., Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының 60 жасқа толған мерейтойына арналған «Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. 25 қараша 2022 ж., Астана, ЕҰУ. – 356 б.

ISBN 978-601-337-778-0

«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары жинағына қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері, тілдерді заманауи оқыту және инновациялық технологиялар, мәдениетаралық коммуникациядағы түркі тілдері секілді қазіргі көкейкесті зерттеулер, ғылыми материалдар енгізілген. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектері, ұстаздық болмысы, ғалымдығы жайлы мақалалар қамтылған.

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

ISBN 978-601-337-778-0

құзыреттер қалыптасады, сондықтан екінші мәдениетті түсіну және қабылдау үшін ауызша және жазбаша қарым-қатынас құруға назар аударылады.

Ойымызды қорытындылай келе, тілді оқытудың түрлі аспектілері ұлттың рухани мәдениетін бірлікте игере отырып, өзара қарым-қатынасқа түсу маңызы күн санап артуда.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Пассов Е.И. Технология диалога культур в иноязычном образовании.– Липецк, 2005. – 39 с.
2. Қадашева Қ. Асанова Ұ.О., Ашықбаева Б.Г. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі. –Алматы: «Кантана –пресс», 2012. –400 б.
3. Федотова Н.Л. Методика преподавания русскогоязыка как иностранного (практический курс). –2изд.– СПб. 2016.–192 с.
4. Ерназарова З.Ш. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту. Теория мен тәжірибе: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: «Bilimsema», 2022 . –2010 б.
5. Петрикова А. Основы межкультурной дидактики. –М.:Русский язык. 2015. –375с.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Нұрмаханбетова А.Қ., ф.ғ.к., доцент

akmaral_16.06@mail.ru

Қожаева Ә.Т., оқытушы

assel_tursynkyzy82@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация. Мақалада қазақ тілін үйренуші студенттердің танымдық қызығушылығын арттыру тәсілдері қарастырылады.

Кілт сөздер: үйрену, тілдік кедергі, әдістер.

Аннотация. В данной статье рассматриваются методы, способствующие развитию познавательного интереса у студентов изучающих казахский язык

Ключевые слова: изучение, языковой барьер, методы.

Жалпы адам бойындағы танымдық қызығушылық және белсенділікті арттыру қоғамда өз орнын алған психология ғылымының негізгі объектісі болып табылады. А.Н.Леонтьев, В.Н.Мясищев т.б. ғалымдар зерттеу жүргізген. Танымдық қызығушылық дегеніміз – тұлғаның білімге құштарлығы негізінде өзіндік таңдау жасау бағыты. Біздің қарастырып отырған мәселеміз жоғары оқу орындарында орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін үйретуде олардың танымдық қызығушылығын арттыру болып отыр.

Бүгінгі таңда еліміздің ұстанып отырған үштұғырлы тіл саясаты әрбір Қазақстан азаматынына қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік білуді міндеттейді. Әсіресе, мемлекеттік тілді меңгерту, оны қоғамдық өмірде еркін

қолдануға бағыттау әдіскерлердің негізгі мақсатына айналды. Орыс аудиториясында қазақ тілі сабағын жүргізумен айналысып жүрген ұстаздар мен ғалымдарды атап кетсек: Ф.Оразбаева, Қ.Бітібаева, Ш.Х.Сарыбаев, И.В.Маманов, Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Т.Аяпова, Ш.Бектұров, К.Сариева, А.Жүнісбеков, Ф.Р.Ахметжанова т.б. Олардың әрқайсысы әр түрлі мәселелерді қарастыра келіп, қазақ тілін оқыту саласының дамып, жетілуіне үлес қосып келетінін білеміз.

Алдымызда тұрған мақсат – орыс тілді аудиторияны қазақ тіліне үйрету ғана емес, сондай-ақ білімгерлердің егемен еліміздің қадірін сезініп, оның алдындағы әрбір ұлт жауапкершілігін ұғынып, ол үшін басын бәйгеге тігетін тәуекелге баратын тұлға қалыптастыру. Сол сияқты, барлық отандастардың Отанымен рухани және материалдық тығыз байланыста болуы, өзі өсіп -өнген аймаққа деген сүйіспеншілігін арттыру – патриотизмнің қайнар көзі болып табылады.

Қазақ тілін оқытуда негізгі мақсатты айқындау үшін ең алдымен тіл үйренушімен бірге тілге қатысты проблемаларды жекелей анықтап алу керек. Басқа сөзбен айтқанда, біріншіден, студенттің тілді игеру деңгейін, екіншіден, әрбіреуінде кездесетін тілдік кедергілерді байқау. Әдетте студенттің білім деңгейі түрлі тапсырмалар, тест, сұрақ-жауап, эссе жаздыру т.б. арқылы анықталады. Орыс тілді аудиторияда қазақ тілін оқитын студент өзіне таныс емес тілдің дыбыстық құрамын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстық заңдылықтарын, оның грамматикалық құрылысын игеруге, ойын еркін жүргізуге, басқаның сөйлеуін түсінуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеруге тиісті және қазақша сөйлеуге жаттығып, қазақ тілінде қарым-қатынас жасай алуы қажет. Дегенмен көп жағдайда студенттерде кездесетін тілдік кедергілерге мыналарды жатқызуға болады:

- тілдік қордың аз болуы;
- қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айта алмау (әсіресе, Ұ, Ү дыбыстарын дұрыс айтылмайды, ұ, ү дыбыстарының орнына у дыбысын жазады);
- қазақ тілінің грамматикасын білмеу салдарынан қателер жіберу;
- айтылуы, жазылуы қиын сөздерді жеткізуде қиналу;

Мұндай тілдік кедергілер өз кезегінде студент жастардың қазақ тілін қиын тіл санап, оған немқұрайлы қарап, кейде менсінбеушілігіне әкеледі.

Тіл үйренушіге оның қажеттілігін түсіндіру, тарихи маңыздылығын ұғындыру, сондай-ақ өзіндік ерекшеліктерін қызықты етіп жеткізу маңызды. Қазақ тілін теориялық-практикалық жақтан үйрету әдістері дыбыс заңдылықтарының өзіндік белгілерін практикалық дағдылар арқылы меңгеруде үлкен қызмет атқарады.

Сонымен қазақ тіліне деген қызығушылықты арттыруда бірнеше критерийлерді ескерген жөн. Олар:

- қазақ тілін Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде меңгерудің маңыздылығын бойына барынша сіңіру;
- тілді еркін меңгеруге жағдай жасау;

- қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктерін ескеру;
- тілдік кедергілерді бірлесе отырып жеңу т.б.

Ол үшін алдымен студент бойына тілді игеру мүмкіндігінің бар екендігі туралы үміт ұялатып, сенімділігін қалыптастыру қажет. Тыңдаушыны мұндай дәрежеге жеткізу үшін, оқытудың өзіндік тәсілдері мен амалдары, жолдары жетерлік.

Бұдан ары қазақ тілін оқитын адамның ана тілінің ерекшелігін ескере отырып, оны үйретудің тиімді жолдарын көрсетудің маңызы зор. Ең бастысы аудиторияда алған білімнің білімгердің санасында бекітілуі. Әр сабақта студенттің тіл игеруге деген қызығушылығын арттырып, үмітін сөндіріп алмау. Индукция әдісі бойынша жекеден жалпыға, оңайдан күрделіге біртіндеп көшу. Инновациялық технологиялар көмегімен түрлі қызықты деректер мен тапсырмалар беру арқылы студенттің өзін еркін сезінуіне, ойын айта (қате болсын) білуіне жағдай жасалу керек. Қазақ тілінің өзіндік басты ерекшеліктерін назарда болуы шарт. Қазақ тілі сөз жасау жағынан жалғанбалы (агглюнативті) тілдер тобына жатады. Сондықтан қазақ тілінде жұрнақ түрлері көптеп саналады, сонымен қатар төрт түрлі жалғаудың беретін өзіндік мағынасы, сөзге жалғану кезіндегі варианттары да жеткілікті. Қазақ тілін оқытуда жақсы нәтижелерге жету үшін, басты бағыттарда жұмыс түрлерін жүргізген тиімді:

- түрлі сөздік жұмыстарын үнемі жүргізу;
- қазақ тіліндегі көпмағыналы, синоним және омоним сөздермен жұмыс; Сөйлемде мұндай сөздердің мағынасын ажырата білуге, оларды тиімді қолдана білуге үйрету студенттің тілдік қорын байытуда оң нәтижелер береді.
- қазақ тіліндегі сөйлемде сөздердің орын тәртібі тұрақты екенін ескеріп, берілген сөздер арқылы сөйлем құрап үйренуге баулу;
- жалғау түрлерін, олардың сөзге беретін мағынасын меңгеру арқылы сауатты түрде өз ойын ауызша және жазбаша жеткізе алу дағдыларын қалыптастыру;
- қазақ тілінде сөйлемді тиянақтап, айтылған, ойды тұжырымдап тұратын сөйлем мүшесі – баяндауыш. Баяндауыш негізінен етістіктен болады. Сондықтан студенттерге етістіктің шақтарын, оның жасалу жолдарын меңгерту олардың өз ойын жүйелі түрде жеткізе алуына негіз болатынын түсіндіру; Қазіргі кезде тілді коммуникативтік оқыту мәселесіне ерекше назар аударылуда. Тілді оқытудың жаңа технологиясы тілдің коммуниктивтік қызметін ескере отырып, оны коммуникативтік танымдық жағынан меңгертуді көздейді. Студенттің сабақ барысында айтылған хабарлардың мағынасын түсінуі, олардың түпкі мақсатын танып білуі және өзінің жеке мақсатын іске асыруы өте маңызды іс. Оқытудағы коммуникативті біліктілік деңгейді Германияның оқу бағдарламасын жасаған неміс ғалымдары Г.Нойнер, Г.Хунфельд былай түсіндіреді: коммуникация – тіл және іс-қимыл (күлу, дауыс ырғағы сияқты) әрекеттер арқылы болады. Ол алдын-ала жоспарланған, дайындалған болуы немесе жоспарланбаған болуы мүмкін. Сабақ үстінде әдетте дайындалған, жоспарлы сөйлеу коммуникациясына көп көңіл бөлінеді.

Тіл білмеу өз кезегінде адамның сенімсіздігін тудырып, ортадан бөлінуіне, көпшілік алдында шығып сөйлеуден бас тартуына әкелетіні белгілі. Әсіресе, өз ойын көпшілік алдына шығып айту қиынға соғады. Сондықтан сабақта лексикалық тақырыптарды әдеттен тыс қызықтырақ етіп алып, соған байланысты мәтінмен жұмыс түрлері тиімді пайдаланылады. Басқа тілді студенттерге қазақ тілін үйретуде пән бойынша жүргізілетін студенттің өзіндік ізденіс жұмыстарын тиімді ұйымдастыра білудің де маңызы зор. Мәселен, белгілі бір тақырыпқа байланысты бейнепрезентация дайындату (камера алдына сөйлеу) жұмыстары студенттің шығармашылық қабілетін ұштап, тілді тез үйренуіне мүмкіндік тудырады. Қазақ тілінен ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру студенттің білімін тереңдетуге, ой-өрісін кеңейтуге, олардың тілді үйренуге ынтасын, құмарлық сезімін оятуға көмектеседі, олардың жан-жақты қабілеттігі мен шығармашылық күшін дамытады және алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге жәрдемін тигізеді.

Тіл үйренуші аудиториядағы сабақ үстінде ғана білім алып қоймайды, өзіндік ізденіс жұмыстарын орындау арқылы да қазақ тілінен білім деңгейін кеңейтіп, қазақтың әдеби тілі туралы, оны жасаған халықтың тарихы туралы қосымша әдебиеттермен танысуға мүмкіндік алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Щукина Г.И. Проблема познавательного интереса в педагогике. М., 1971. 285 с.
2. Исаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. Алматы, 1993. 160 бет.
3. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі. –Алматы, 2001. – 87 б.
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2006.

«ЖАҒАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР» ПӘНІН МЕНГЕРТУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

*Омарова С.Қ., ф.ғ.к.,
Мұқышева А.*

*БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім
академиясы Ауыл мектептерін және
шағын жинақты мектептерді дамыту
зертханасының меңгерушісі*

Аннотация. Мақалада авторлар халықаралық ғылыми зерттеулерде көрініс тапқан жағандық құзыреттілік, қаржылық сауаттылық жайлы зерттеушілердің пікірлерін талдап, оқушы бойына осы құзыреттіліктерді қалыптастыру жолдарын қарастырады.